МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ MANGISTAUMUNAIGAZ

ҚазМұнайГаз CNPC

# Мұнайлы өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№04 (102), мамыр, 2018 жыл

# ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!




*"Мылтықсыз майдан" естелігі*

## «ТІЛЕГІМ – ТЫНЫШТЫҚ, БЕЙБІТ КҮННІҢ БЕРЕКЕЛІ ТЫНЫСЫ»

### дейді тыл ардагері, қарт мұнайшы Қойшыбек Сарқұлов

«Маңқыстаумұнайгаз» кәсіпорнының қазіргі таңда қарасы азайып, қатары сиреңкіреп қалған қазыналы көкірек қарияларының, саусақпен санарлықтай тыл ардагерлерінің бірі – Қойшыбек Сарқұлов. Ол 1929 жылы 20 желтоқсанда Каспий теңізінің шығысында, Бозашы түбегінің батысында орналасқан, бүгінгі Түпқараған ауданының территориясындағы Долгий жерінде дүниеге келген.

Долгий – талай ғасырдың куәсі болған, тамырын тереңге тартқан өзіндік тарихы бар, сырын да, сынын да ішіне бүккен кәрі шежіре куәсі. Ол – біздің ата-бабаларымыздың қашаннан бері мал баққан, балық аулаған атамекені – шамамен қазіргі Қаражанбас кен орнының тұрған маңайы. Міне, біздің кейіпкеріміз Қойшыекеңнің кір жуып, кіндік кескен мекені – сол аралдың маңайындағы, қырлығындағы Қаражанбас, Ұзынарал, Тасқұдық жерлерінің төңірегі. Қойшыекең туған 1929 жылы осы өңірде «Долгий» колхозы құрылған.

Қойшыекеңнің арғы ата тегі – ел аузында «Сұрасаң, руы – Бектеміс, нар мая сауған теп-тегіс, кигендері – көк кебіс» деп айтылатын Адайдың Мұңалынан тарайтын Бектеміс Жарының ішінде Байжігіт тармағы. Қойшыекеңнің атасы Балшақбай – 15 жасынан бастап орыстарға жалданып қайықшы болып, балық аулаған адам. Арғы ата-бабалары мал баққан қазақтың баласы болғанмен, Қойшыекеңнің қары әкесі де, оның 4 баласы – Бөлекбай, Өмірбай, Сарқұл, Ботақаралар да – бәрі де «Красный Долгинец» колхозында балық аулап, балықшылықпен айналысқан жандар. Сондықтан ол – әуелден балықшының баласы. Әкесі Сарқұл 1901 жылы туған кісі еді, 1993 жылы 93-ке қараған жасында өмірден өтті. Анасы Тасқарақызы Зылиха – Қосайдың ішінде Құдайберген Тінейдің қызы. Ол кісі 56 жасында ертерек қайтыс болды. Сүйегі Аташ елді мекеніндегі қауымда жатыр.

Қойшыекең әкеден төрт тумаласты: өзі мен інісі Шайхы және апасы Сәнтөре, қарындасы Айтөре. Осындай қарапайым балықшы әулетінде өмірге келген Қойшыекең 1938 жылы «Долгий» колхозындағы Ұзынарал деген үш кластық ауыл мектебіне барып, сауат ашады. Оны бітірген соң 1941 жылы Долгий кентіндегі жетіжылдық мектепке қабылданады. Осы жердегі білім



ордасын бітірген соң Қойшыекең кейінірек Форт-Шевченкодағы С.М.Киров атындағы мектептің кешкі бөлімінде оқиды. Ол кезде бұлар колхозда тұрады. Колхоз бен Форттың арасы – 300 шақырым. Содан қатынап жүріп оқу да оңайға түспейді. Соған қарамастан, кеңестік тәртіп жүйесі бойынша онжылдықты 17 жасында емес, жасы ұлғайыңқырап барып, 22 жасында 1951 жылы ғана бітіреді. Бірақ басқа қатарластары аттестат ала алмай жүргенде ол зеректігі мен зерделілігінің арқасында өз тұстастарының ішінде бірінші болып алады. Алысқа ұзап оқуға бірнеше рет талпынғанмен, отбасылық жағдайының қиындығы мен қаржының жоқтығы мүмкіндігін шектейді.

Соғыс басталған кезде Қойшыекең – 12 жасар жеткіншек. Балалығын сұм соғыс ұрлаған ұрпақтың өкілі. Ақиқатын айту керек, қанша жерден қиын-қыстау кезең болса да, оларды бірден мектептен жұлып алып, жұмысқа салған жоқ. Сабақтарын оқи жүріп, қолдары қалт етіп босаған кезде колхоздың қара шаруасына жегі-летін. Әлі қабырғасы қатып, бұғанасы бекімеген жасөспірім балалар колхоздың қысқы мал азығын дайындап, малға шөп шапты, әке-ағаларына көмектесіп, балық аулады.

«Ол кезде бүкіл үй ішімізді көшіріп апарып, шаруаға салатын. «Бірінші кластың баласын жұмысқа жекті» деп өтірік айта алмаймын, одан жоғары жастағы балалардың барлығы еңбекке тартылды. Одан жалтаруға болмайды. Жұмыстан қашсаң – жауапқа тартыласың, темірдей тәртіп, заң қатал. Әуелгіде шөпті қол орақпен, берегірек келгесін, түйеге сүйреткен шөп шабатын машинамен – косилкамен шаптық. Колхозда жылқы, сиыр, түйе, қой-ешкі – төрт түлік малдың бәрі бар. Соларға қыстық мал азығын дайындаймыз. Біздің әкемізді соғысқа алып кеткен жоқ. Қызыл Армияны Каспийдің балығымен қамтамамасыз етуші, әскердің азық-түлігін дайындайтын тылдағы «морской дивизион» деп аталатын арнайы құрама болып есептелетін санатқа жатқызып, броньмен қалдырды. Жалғыз менің әкем емес, колхоздағы бүкіл балық аулайтын адамдардың барлығы да солай броньмен қалдырылды. Оның ішінде тек ер адамдар ғана емес, қыз-қырқын да, әйел адамдар да көп.

Оның бала кезінде:

Германия, Гитлер,
Отқа басың үйтілер.
«Отправка» қойылар,
Ақ тайлағым сойылар, - деген өлең жолдары болатын. Майданға кеткен аға-әкелерін сағынған балалар соны жиі айтатын.

(Жалғасы 4-5 - бетте)

*Еңбекті қорғау*

# «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» КЕМЕЛДЕНУ ЖОЛЫНДА – ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ ӘР АДАМНЫҢ ЖЕКЕ ІСІНЕ АЙНАЛДЫРУ

Біз соңғы үш жылдың қорытындысын келтіре отырып, өндірістегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуде маңызды табыстарға қол жеткізгенімізді мойындауға болады. Дегенмен, біз өз қызметкерлеріміздің, активтеріміздің және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған күшімізді ұдайы жұмсауға тиіспіз.

Өз саласының нағыз көшбасшысы болу үшін қауіпсіздік мәселесі әрқайсымыз үшін негізгі құндылықтардың бірі болуы тиіс.

Сондықтан мен Сіздердің әрқайсыңызды «ҚазМұнайГаз» шын мәнінде әлемдік деңгейдегі компания болуы үшін жұмысымызды қалай орындайтынымыз және не жасай алатынымыз туралы жаңаша ойлауға шақырамын.

Егер өз адамдарымыздың, біздің мердігерлердің және біздің барлық қызметіміздің қауіпсіздігіне қатысты салыстырмалы ойлауды өзгерте алсақ, біз осы тәсілді компанияның барлық бизнес-процестеріне кіріктіре аламыз, себебі ол кезде өндірістік тәртіп тұрақты түрде нығаятынына берік сенемін. Мен Қауіпсіздік техникасын әр адамның жеке ісіне айналдыруға шақырамын.

Өндірістік тәртіп, қауіпсіздік техникасы ережелері мен оларды сақтау арасында тікелей тәуелділік бар. Рәсімдерді сақтау кепілдігі, кезінде орындалмай қалған істерді және іс-шараларды одан әрі орындау, бір-бірімізге деген қамқорлық – мұның барлығы Қауіпсіздік техникасының әр адамның жеке ісіне айналуының белгілері. Егер Сіз қауіпсіздікті өзіңіздің жеке ісіңіз ретінде қабылдамасаңыз, онда ешнәрсе жасай алмайсыз, әрине мұны түсіну керек. Қауіпсіздік техникасын жеке өзінің ісі ретінде қабылдау біздің жұмысымыздың табиғи



ырғағын және қорғаныштық механизмін қалыптастырады, ал бұл біздің қауіпсіздігімізге кепілдік береді, бізді пайдалы және табысты болуға жетелейді.

Біздің қызметіміздің өзіндік ерекшелігі қауіпті болып табылады. Біз жарақаттанушылық пен зақымдану қатерінің көп болуы, тіпті адам өліміне дейін апаратын жағдайлар болатындығын білеміз. Біз өте күрделі операциялық жүйеде жұмыс істейміз, мұнда көптеген факторлар бар, яғни қателіктерге, ережелерді толық түсінбеген немесе абайсыз бұзушылықтарға алып келетін факторлар болады. Мұның барлығы адамдар жарақат алатын негізгі себептерге байланысты. Біз осы күрделі жүйеде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласының көшбасшылары болып табыламыз.

Барлығымыздың алдымызда түсініксіз рәсімдерді түсінікті рәсімдер, күрделі рәсімдерді қарапайым рәсімдер ретінде жасау міндеті тұр. Міндеттер қою, жабдықтарды жобалау, алдын ала көрегендік таныту және пайда болуы мүмкін қателерге жол бермеу, сондай-ақ қателіктерді түзету немесе жұмыс басталғанға дейін ондай қателіктерді жою. Еңбекті қорғау саласындағы Сіздің көшбасшылығыңыз өзіңізді жігерлендіреді және болып жатқан оқиғаларды шынайы түсінуге, яғни басқару жүйесіндегі кемшіліктерді табуға және түзетуге көмектеседі. Бұл қауіпсіздікті арттыруға арналған қосымша басымдылық болып табылады.

Біздің қызметкерлеріміз, біздің мердігерлеріміз бен сала бойынша әріптестеріміз бір-біріне қамқорлық таныта алатын, қауіпті жүргізілген жұмыстар байқалған жағдайда үндемей қалмайтын, өз көзқарасын айтудан қорықпайтын болуы тиіс, себебі оның дауысы айқын естілетін компания ретінде мойындаған кезде ғана біздің жолымыздың дұрыс екендігі осыған дәлел бола алады.

Ашық және шынайы жұмыс істейік, бір-бірімізді жарақаттанушылықсыз бизнес-міндеттерімізге қол жеткізуге шақырайық.

Ашық және шынайы болайық, жарақаттанушылықсыз басқа да өндірістік мақсаттарға қол жеткізу жолында бір-біріміздің пікірлерімізді ескерейік.

«ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының барлығында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды әр адамның жеке ісіне айналдырайық.

**Сауат Мыңбаев**
**«ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының**
**Басқарма төрағасы**

# «АМАН» ЖОБАСЫ – ҚАУІПСІЗ ӨМІР КЕПІЛІ

**«ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамы еңбекті қорғау және қауіпсіздік шараларын күшейту мақсатында «Аман» пилоттық жобасын қолға алды. Осы жоба аясында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбекті қорғау және көлік қауіпсіздігі бойынша қызметкерлерді қауіпсіздік белдігі симуляторынан сынақтан өткізуді бастап кетті. Жоба Қоғамның сервистік компанияларымен 2017 жылғы өзара ынтымақтастық туралы меморандумына сәйкес жүргізілуде.**




- Компания ұстанған басты мақсат - жұмыскерлердің күн сайын үйлеріне аман-есен қайтуы үшін жағдай жасау болғандықтан түрлі іс-шаралар ұйымдастырып келеміз,- деп сұхбат берген техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің инженері Қайрат Артықбай компаниядағы әрбір жұмыскер жұмыс орындарындағы апатты және жазатайым оқиғаларды болдырмауға тырысып, өзінің еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын бағалауы қажет екенін айтты.

Қауіпсіздік белдігі - жол апаты кезінде аман қалудың бірден-бір мүмкіндігі. Компаниядағы жүктерді тасымалдайтын көліктер де, жолаушылар автобустары да қауіпсіздік шараларына салғырт қарайтыны жасырын емес. Мән бермеушілік салдарынан бірқатар қызметкерлеріміз күн сайын бастарын қауіп пен қатерге тігіп жатады. Осындай келеңсіздіктің алдын алуға кірісken әріптестер тестілеуді жүргізушілердің өзінен бастады.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының тапсырысы бойынша жасалған арнайы тренажерға жұмысшыларды отырғызып, белдікті таққан соң, сағатына 10 шақырым жылдамдықпен тосын кедергіге соқтырады. Осындай тестілеуден кейін көпшіліктің қауіпсіздік белдіктерін пайдалануға қатысты көзқарасы бірден өзгерді.

**Көлік департаментінің жүргізушісі Аман Меңдіқұлов:**

- Қауіпсіздік белдігінің қаншалықты пайдасы бар екеніне көзім жетті. 30 жылдан бері жолда жүргенде талай авариялар мен адам қазасының үстінен түскен кездер болды. Жамандықтың бетін аулақ қылсын,әрине. Бірақ бүгін тренажерда 10 шақырым жылдамдықпен келіп кедергіге соққанда қауіпсіздік белдігінің қаншалықты маңызы бар екенін түсіндім. Енді көлігіме отыратын әрбір жолаушы белдікті тақпайынша, жолға шықпайтын боламын. Өйткені мен өз өмірім мен өзгенің өмірі үшін жауаптымын.

**Көлік департаментінің жүргізушісі Тынысқали Көшербаев:**

- Арнайы тренажерға отырып, қауіпсіздік белдігін сынап көрдім. Біз өндірісте 60-пен жүреміз, ал мұнда 10 шақырым жылдамдықтағы соқтығыстың әсерін жеткізу мүмкін емес. Іші-бауырыңды солқ еткізетіндей соққы! Көлік тізгіндейтіндерге айтарым - қауіпсіздік белдігін тағып жүріңіздер!

Дерекке жүгінсек, Қазақстанда жылына 3 мыңнан астам адам жол-көлік апатынан қаза табады. Тәжірибе көрсеткендей, қауіпсіздік белдігін пайдалану ең күрделі апаттардың өзінде аман қалу мүмкіндігін он есеге арттырады. «Аман» пилоттық жобасы - әр қызметкерге қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етеді. Ол өндірістік нысандарда өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау шараларын қамтамасыз ететін жоба. Сондықтан қауіпсіздіктің қарапайым Ережелерін қатаң сақтайық, әріптестер!

*Қоғам*

# ҰРЛЫҚ ТҮБІ – ҚОРЛЫҚ



Осындай тақырыппен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша «Нұр Отан» партиясының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын таныстыру мақсатында кездесу өтті. Кездесуге компанияның құрылымдық бөлім басшылары және «Нұр Отан» партиясы, Ақтау қалалық маслихаты мен ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Маңғыстау облысы бойынша Департаменті өкілдері қатысты.

Жемқорлық – бүгінгі қоғамның негізгі проблемаларының бірі. Статистика көрсеткіштеріне сүйенер болсақ, өткен 2017 жылы Қазақстанда 108 жемқорлық фактісі тіркеліп, 2473 адам істі болған. Олардың арасында 2 экс-премьер-министр, 8 экс-министр, 10 комитет төрағасы, түрлі деңгейдегі 9 әкім мен әкімнің орынбасарлары, ұлттық компаниялардың түрлі санаттағы 9 жетекшісі, 8 генералитет өкілі және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдар мен мекемелердің, емханалар мен оқу ордаларының кіші санаттағы қызметкерлері де бар. Демек жемқорлық лауазым жатырқамайды, күй талғамайды. Сондықтан бүтін бір елге қауіп төндірген кеселдің бетін қайтарудың жалғыз-ақ жолы – онымен ел болып күресу. Кеселдің тигізер кесіріне аса назар аударып, оған себепші болмау, жолын кесу. Кездесуге келген құзырлы орган өкілдері осы туралы егжей-текжейлі баяндады.



Жемқорлықтың жазасы қатаң! Істі болып, кінәсі дәлелденген азаматтар келтірілген шығын сомасынан 50 еседен 80 есеге дейін айыппұл төлеуге, 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуға және атақ-дәрежелері, мемлекеттік наградаларынан айырылуға кесіліп, жеке мүліктері мемлекет пайдасына тәркіленеді. 2017 жылдың есебі бойынша жоғарыда келтірілген жемқор азаматтар мемлекетке 15,8 млрд. теңге көлеміндегі залал келтірген. Құзырлы органдардың сауатты жұмысының арқасында оның 14 млрд. теңгесінің орны толтырылды, оған қоса жалпы құны 5,1 млрд. теңгені құрайтын жеке мүлік тәркіленді. «Қасықтап жинаған абыройы шелектеп төгілді» деген де осы болар?! Осы орайда жемқорлық - ол ұрлық, ал ұрлық түбі қашан да қорлық екенін үнемі есте сақтап, айналамызға насихаттап жүргеніміз абзал болар дейміз.

Қадірлі оқырман! Ал егер сіз сыбайлас жемқорлық фактісінің куәсі болсаңыз, немесе Сізді жемқорлыққа мәжбүрлеген болса, дереу **1424 телефон нөмірі бойынша хабарласыңыз. Сіздің мүддеңіз – елдің мүддесі!**

*Компания тынысы*

# АЙНАДАЙ БОЛСА АЙНАЛАҢ...

**Маңғыстаудың маң даласында сонау ғасырлардан, жылдардан үн қатқан, сыр тартқан, қисапсыз шежірені қойнауына бүккен тарихи-мәдени ескерткіштер көп-ақ. Өткеннің белгісіндей, кешегінің куәсіндей болған сол дүниелерді тәуелсіз, еркін, азат елдің өскелең ұрпағы, әр буыны қамқорлығына алуға, қорғауға, қастерлей карауға міндетті.**



18 сәуір - Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күніне орай «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы өз қамқорлығына бекітілген «Қызыл қала», «Сисем ата» қорымдарына және Ақмыш сайға сенбілік өткізіп, абаттандыру, тазалық жұмыстарын жүргізді.

Ертелете Ақтаудан шығып, сәскеге жетпей Шерқалаға құлаған «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы басқару аппаратының қызметкерлері ертелетіп жұмысты бастап кеткен Қаламқас кенорнының мұнайшыларының үстінен шықты. Қаламқастан келген аспазшы қыз-жігіттер қазан қамына кіріссе, төмен құлаған қалалықтар әріптестеріне қосылып, сай ішін көңілді күлкіге толтырды. Бір топ талдарды түбін ақтауға кіріссе, бірқатар қыз-жігіттер сыздықтай аққан бұлақты бітеп жатқан қоқыстардан тазартып жатты. Малдың қиы, келіп кеткен туристерден қалған қоқыстың сан атасы, сынған шөлмек, қураған ағаш... әп-сәтте «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасынан келген Камаздың астауынан таутөбе пайда болды. Екі автобусқа тиеліп жеткен 80-ге тарта адам қойсын ба, бас-аяғы үш сағаттың ішінде 15 тоннадан астам тұрмыстық қалдықтарын тиеп тастады.

Тазалыққа теңеу іздегенде баяғыда әжелеріміз «шайтан тайып жығылғандай» деуші еді. Біз келгенде қоқысқа белшесінен батып жатқан көріністің ізі де қалған жоқ. Сәуірдің самалымен жаңа бүршік жарған тал сыбыры, сылдыр қаққан ерке бұлақ, айналаң –көркем табиғат... төбеден төмен қарай назарын салған Шерқаланың бөктері қандай сұлу!

Қаланың қымқуыт даңғазасын ұмыттырған даланың құлаққа ұрғандай тыныштығынан ләззат алған әріптестеріміздің таңданысында шек жоқ. Көпшілігінің бұл маңға тұңғыш рет аяқ басуы екен. Жолға шығуға дайындалып тұрғанымызда тау бөктерлеген жаяу жолаушылар Самалды бетке алды. Сонау Ресейден Маңғыстаудың ашық аспан астындағы тарихи ескерткіштерін көруге әдейілеп келген саяхатшылар болып шықты. Шерқаланы бет алған жолаушылар Ақмыштың бұлағынан су ішіп, көлеңкесіне тынығу үшін аялдаған екен. «Туған жерлеріңді аялай біледі екенсіңдер, қандай тап-таза аймақ, қамқорлықтарыңызды көріп қуанып тұрмыз» деп ризашылық білдіргенде «абыройымыз бар екен» деп іштей қуыстандық...

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ басшысының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мұрат Батыршаевтың:

- Түбектің саусақпен санағандай сирек оазисінің бірі - Ақмыштағы «Самал» демалыс орны. Ол - Маңғыстау дегенде қолы тарың Табиғаттың бізге біткен сараң сыйы. Осы бір көркем бақты сақтау, күтіп ұстау – маңғыстаулық әр азаматтың парызы болса, қане! Келген ел-халық демалыстарын өткізгеннен кейін ауысқан қоқыстарды, тұрмыстық қалдықтарды жинап, өздерімен ала кетсе де артық болмас еді, - деген сөзіне алып-қосарымыз жоқ. Себебі, ауызынан шығып ақтарылып жатқан қоқыс контейнерлерінің де мезгілінде алынбайтыны көрініп тұр...

Сенбілік күні маңғыстаумұнайгаздықтар сайға жалғасып жатқан тарихи ескерткіш - Қызылқала қалашығының да төңірегін тазалап, ортағасырлық қаланың тарихымен танысты.

- Осындай орындарға әр келген сайын еліміздің тарихының тереңдігіне, сонау 7,8,10-шы ғасырларда осы мекенді ата-бабаларымыз мекен еткеніне көз жеткіземіз. Бұл - музейі мен архиві жоқ көшпелі атажұрттың бізге тастаған тастағы тарихы. Біздің елдігіміз, ауызбіршілігіміз, мемлекеттігіміздің түп-негізі. Рухымызды жаңғыртатын, сананы оятатын жәдігерлік,- деп жастардың атынан Ғани Әбдісадық пікірін білдірді.

Тарихи ескерткіштерге қамқорлық шарасы бұл күні «Сисем Ата» пантеонында да қатар жүріп жатты. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының мұнайшылары мұнда да қамқорлық шараларын алды. Сондай-ақ басқа да алда атқарылуы тиісті жұмыстардың ауқымын айқындап, 18 – мамыр күні қайтадан барып бітіруге бәтуаласып қайтты. Жетібай-мұнайгаздықтардың тағы бір имандылық шарасы – өздерінің ерікті бастамасымен Қараман Ата тарихи ескерткіші бағытындағы жолға грейдер төсеуде.

# ЧИСТОТА – ЗАЛОГ ЗДОРОВЬЯ!

**С приходом по-настоящему теплых и солнечных дней пришла пора и первых весенних субботников. В рамках месячника по благоустройству, озеленению и санитарной очистке региона 20 апреля работники Службы материально-технического снабжения (СМТС) ДЗиМТС Акционерного общества «Мангистаумунайгаз», провели субботник на территории базы.**

В акции по санитарной очистке и благоустройству приняли участие все сотрудники службы: вооружившись лопатами, граблями, ведрами и прочим инвентарем работники очистили территорию от мусора, побелили деревья, окрасили ограждения, лестницы, бордюры и пожарные щиты, а также многое другое.

- В СМТС работает 143 человека, и все они приняли самое активное участие в субботнике, - говорит заведующая хозяйством СМТС Менди Калжанова. – Немалую часть своей жизни мы проводим на работе, и поэтому, конечно же, хотим, чтобы рабочее место было чистым и удобным. Тем более, к нам на базу часто приезжают поставщики, в том числе и из-за рубежа, и это еще один дополнительный аргумент, почему у нас все должно быть на высоте.

- В ходе субботника мы сделали, все, что было запланировано, - отметил теплотехник СМТС Бауыржан Ажиханов. – Очень важно, следить за чистотой не только рабочего места, но и родного края, беречь и любить природу родной земли. И отрадно, что сегодня весь наш коллектив дружно принял участие в



субботнике. И еще хочется отметить, что у нас каждый день начинается с уборки и наведения порядка на рабочем месте.

Остается добавить, что субботник – это не только уборка прилегающей территории, но и укрепление командного духа, пропаганда здорового образа жизни и бережного отношения к окружающей среде.

*Қайырымдылық*

# МҰНАЙШЫДАН - МОЛ ҚАЙЫР

Адамдардың біріне бірі қамқор болу, қысылғанда демеп жіберу, замандастың жоғын жоқтап, мұңын мұңдау кез келген қоғамның негізін құраушы қағидаты. Осы принциптер негізінде жұмыс жасап жатқан «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры өз қызметін айдан айға мүлтіксіз атқарып келеді. Мұқтаж жандарға маңдай тер, табан етімен тапқан нәпақасынан бөліп берген қайырымды мұнайшылардың арқасында бірнеше айдан бері сауапты істерге мұрындық болды. Алла сіздерге разы болсын!

Наурыз айында қор атына көмек жөнінде төрт арыз келіп түсті. Оның үшеуі сырттан келсе, бір арыз Компания қызметкері көлік департаментінің жүргізушісі Р.Икасбаевтан ауыр науқасқа шалдыққан баласының еміне қаржылай көмек туралы келіп түсті. Қор жанындағы қамқорлық кеңесі әрбір арызды ыждахатпен қарастыра келіп, наурыз айында жиналған 200 000 теңге қаражатты әріптесімізге табыстау жөнінде шешім қабылдады. Алла балаңызға шипасын берсін дейміз. Қалған арыздар келесі айда қайта қарастырылатын болады.

Бөлінген қаражат көлемі ауқымды емес, алайда «тамшы тас теседі» демекші уақыт өте келе жағдайдың өзгереріне де кәміл сенеміз. Мәселен, наурыз айында өткен түсіндірме шараларының нәтижесінде қорға 44 мұнайшы салымшы болып тіркелді. Ал бұл келесі айда қорға түсер қаражат 44000 теңгеге артады деген сөз. Біз біріксек, алынбайтын қамал жоқ! Бүтін бір ұжым болып осы жолда тізе түйістіретін күн де алыс емес деп білеміз... Алған қолдан берген қол жақсы! Садақа - саулықтың кілті!

Қорға салымшы болып тіркелеміз десеңіз 212-492 телефон нөміріне хабарлассаңыз болады.

**«Мұнайлы өлке»**
**қайырымдылық қоры**

*Спорт*

# АРДАГЕР ФУТБОЛШЫЛАР ДОДАСЫ



Сәуір айының 7-ші жұлдызында «Ақтау» сауда орталығында Астананың 20 жылдығына арналған ардагер-мұнайшылар арасында кіші футболдан жарыс болып өтті. «Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған сайысқа 4 команда қатысып, жеңімпаздар анықталды.

Шараның ашылу салтанатында «Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» төрағасы Сұлтан Қалиев мұнайшылаға Астананың 20 жылдығы мен салалық кәсіподақтың 5 жылдығына орай ақжарма тілегін арнап, командаларға сәттілік тіледі.

Екі күнге созылған жарыста «Қазмұнайгаз», «Маңғыстаумұнайгаз», «Ойл Транспорт Корпорейшэн» және «Қаражанбасмұнай» командалары бақ сынасты. Команда намысын қорғағандар арасында компания басшылары - «КазМұнайГаз» ҰК» АҚ аға вице президенті Нұртас Шманов пен ММГ АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев болды. Мұнайшылардың жарысқа дайындықпен келгені сол, ойын алаңындағы қажырлы текетірес, жеңіске деген құлшыныс әр ойыншының бойынан байқалып-ақ тұрды. Сондықтан да болар дода тартысты өтті. Келген қонақтардың алғысына бөленген маңғыстаумұнайгаздық кәсіподақ комитеті жоғары ұйымдастырушылықпен белсенділік танытты.

- Әр команда турнирге жан-жақты дайындықпен келіп, әдемі ойын өрнегін көрсете білді. Бастысы - әріптестермен достық қарым-қатынасты нығайтуға мол септігін тигізген шара болды, - деді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тарғын Мысамбаев.

Ойын қортындысы бойынша 3-орын ОТК-лық ойыншыларға бұйырды. Финалда кездескен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мен «Қаражанбасмұнай» АҚ командалары тартысты ойын көрсетті. 1-0 және 2-1 есебімен алда келген қаражанбасмұнайлықтардан соңғы минутта «Маңғыстаумұнайгаз» ойыншылары жеңісті жұлып әкетті. Есепті теңестіріп қана қоймай, шешуші допты да соғып үлгерді. Осылайша 2-орын иесі болып Қаражанбасмұнай командасы танылса, жеңісті жүлдені «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ командасы жеңіп алды. «Жүзден жүйрік» деп танылған спортшыларға арнайы кубок пен дипломдар табысталды.

*К сведению*

# ГРАФИКИ ЗАЕЗДОВ-ОТЪЕЗДОВ В ЛЕТНИЕ ЛАГЕРЯ

## ДОЦ «Алау» г. Актау

| №№ потока | Месяц | Заезд детей | Открытие потока | Закрытие потока | Отъезд смены |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Июнь | 01.06. | 03.06. | 13.06. | 15.06. |
| 2. | | 16.06. | 19.06. | 28.06. | 30.06. |
| 3. | Июль | 01.07. | 03.07. | 13.07. | 15.07. |
| 4. | | 16.07. | 18.07. | 28.07. | 30.07. |
| 5. | Июль - Август | 31.07. | 02.08. | 12.08. | 14.08. |

## «Мерей» г. Костанай

| № смены | выезд и приезд в Актау |
|---|---|
| 1 | с 15/06 по 29/06 |
| 2 | с 27/06 по 11/07 |
| 3 | с 09/07 по 23/07 |
| 4 | с 31/07 по 13/08 |

## «Евразия» г. Уральск

| № смены | выезд и приезд в Актау |
|---|---|
| 1 | с 16/06 по 30/06 |
| 2 | с 18/06 по 02/07 |
| 3 | с 30/06 по 14/07 |
| 4 | с 02/07 по 16/07 |
| 5 | с 14/07 по 28/07 |
| 6 | с 16/07 по 30/07 |

*Еңбекпен есейген Ерлер*

# «ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУ ТІККЕНГЕ НЕ ЖЕТСІН!»

### *дейді Мереке Жантақбаев*

**– "Мұнайлы өлке" газетінің тұрақты оқырманымын. Газет арқылы өзіміз секілді әріптес аға-апалардың еңбек жолы жайлы жазылған жылы жазбаларға қанық боп жатырмыз. Бұл үрдіс үзілмесе екен деймін. Газет тілшілері табан ақы, маңдай термен келетін қара жұмыстың қадірін мұнайшының өмірінен мүлдем хабарсыз жандарға жеткізіп жатыр. Осы күні «Мұнайлы өлкені» іздеп жүріп оқимыз, еңбек адамдарын насихаттаудан танбаңыздар, – деп ағыл-тегіл ақжарма тілекпен қарсы алған аға оператор Мереке Жантақбаевпен әңгімеміз емен-жарқын басталды. Шерхан Мұртазаның "журналистің жегені - жантық, арқалағаны - алғыс" дейтін қанатты сөзі түсті ойға. Көңілді көкке өрлеткен жақсы лебіз 500 шақырым жолды да, жолсоқты көңіл-күйді де ұмыттырып жіберді десе болады. Жақсы сөз – жарым ырыс. Араға күндер салып, артынып-тартынып "Қаламқас, Жетібай қайдасың? " деп тартып бара жататының да осыдан ғой...**



... Перзенттік борыш ұғымы туған елді өркендетуге ғұмыр арнау деп ұғынсақ, Мереке Жантақбаев та өз тұрғыластары сияқты туған Маңғыстауының өсуі, көркеюі жолындағы парызына адал жандардың бірі. Мерекенің титтейінен көрген-баққаны осы өндіріс. Әкесі Таңатар Жантақбаев талай жыл автоколоннада механик болды. Анасы диспетчер қызметінен құрметті еңбек демалысына шықты. Өзі Маңғыстау атом-электр комбинатында дәнекерлеуші болып жастай еңбек жолын бастады. Сонау тоқсаныншы жылдардың «қайта құруынан» еңсе көтере бастаған уақытта - 2001 жылы "Маңғыстаумұнайгаз" компаниясына жұмысын ауыстырған болатын . Сонан бергі ғұмыр-тарихына Ақтау мен Қаламқастың арасындағы күре жол куә. "Қаламқасмұнайгаз" өндірістік басқармасы, тәулігіне 1640 текше метр мұнай өндіретін №16-шы топтық қондырғысы, құбырлардан спутникке келіп саналып өтіп жатқан мұнай, 40 градус температурада мұнай қыздырып жататын сыйымдылығы 100 текше метр пеш - мұнайшы Мерекенің өзінің еңбек әлемі. Жыл артынан жыл, күн артынан күн жетектеп 18 жыл табан аудармастан мұнай өндірісінде еңбек етіп келеді. Абыройсыз емес. 4-дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы деген «мәртебесі» бар. Адамы бақыты - жұбайы Марал Ещановамен бірге тәрбиелеп отырған төрт баласы. Базарлы жанұясы.

Газетіміздің мамыр айындағы санына материал дайындап жүргенімізді естіген адал еңбекпен абырой арқалаған оператордың жеңісті жақындатқан жандарға шын жүрегімен айтқан алғысы жан жадыратты.

- Бейбіт өмірде біреуден ілгері,біреуден кейін тірлік істеп, қазыналы аймақта шалқып еңбек етіп жүргеніміз, ең алдымен, аға ұрпақтың - біздің аталарымыздың арқасы. Мамырдың тап осы күндері Ұлы Жеңісті сыйлаған, соғыстан кейін Маңғыстау сияқты қазыналы түбекті игерген ардагер аталарымызды ұлығылайтын сәт. Ерлікке тағзым етеміз! Көзі тірісінде қадір тұтып, жыл сайын емес, сәт сайын батырларымыздың батасын алайық,–дейді Мереке Таңатарұлы.

# ӨНЕГЕЛІ ӨМІР



«Дүниеде біреуге біреу ұқсас бола береді екен-ау» деп біреулер шегін тартып, таңданып жатқанда онша мән бере қоймайтынмын. Қаламқас кенорнындағы жабдықтарды жөндеу-прокаттау цехында мені еңбек озаты, "Қаламқасмұнайгаз" өндірістік басқармасының 5-дәрежелі токарі Қадырхан Махановпен таныстырғанда алғаш тілден айрылып, состиып тұрып қалдым. Себебі... менің алдымда Елбасы тұрды. Түр-келбет тап Өзі! Үсті-басы да, жан-жағы да мұнтаздай жарқырап тұрған Токарь аға менің аң-таң болып, төбеден дүңк еткізген сұрағымды «еее, қызым, жұрттың бәрі солай деп айтады. Оған үйреніп кеткем» деп жаймашуақ әзілімен жуып-шайып жатты.

Қадырхан ағамен сөздің басы осылай басталды. Станогын жан жолдасындай жақсы көретіні әңгімесінің лебінен-ақ байқалып тұр. Табиғатынан кір жұқтырмас кірпияздығы - бөлек әңгіме. Алып цехтың ішінде қанша техника болса, алыстан айнадай боп көрінетін жалғыз станоктың иесі - осы Қадырхан Маханов.

Техникалық училищені бітіре салысымен қайнаған еңбектің қызу ортасына түскен Қадырхан Таңатұлының жиырма жылы үздіксіз қозғалыстағы ұңғымалардың, мұнай айдайтын сорғылардың тегершіктерін жасаумен өтті. Қара алтынды халық игілігіне жаратуда темірден түйін түйген шеберлердің шыдамдылығына қайран қаласың.

– 12 сағат тікеңнен тік тұрып жұмыс істейсің. Георгий Семенович деген мықты ұстаздың алдын көрдім. Тазалыққа таң қалып тұрсыңдар ғой, бұл сол кісінің сабағы, ақыл-кеңесі өмірлік жолдасым болып келеді. Токарь мамандығы қазақ үшін таңсық емес. Кезінде ата-бабаларымыз темірден түйін түйген деп айтпаушы ма еді ұсталарды?! Қолының ебі бар шебер қай кезде де қат. Бүгінгі таңда ең қажетті мамандықтардың қатарында токарь, ағаш ұстасы, фрезерші сынды мамандар аса сұранысқа ие. Сондықтан да жастар осы кәсіпті таңдауы тиіс, –дейді Қадырхан аға.

Махановтар әулеті үшін қасиетті күннің бірі – Жеңіс мерекесі. Ұлы Отан соғысының жалыны шарпыған бұл шаңырақта әкесі Таңат балықшылықпен теңіздің асау толқынымен жағаласып, Жеңісті жақындатты. Ал анасы Зейнезет Байқұлова Еділ жағалауындағы Сталинград қаласы үшін болған өмір мен өлім текетіресінің куәгері. Ұлы Отан соғысының ардагері. Сталинград шайқасының оғынан алған жарақаттан өмірден ерте озған екен. Біздің Зейзенет әже туралы шұқшия сұраған сұрағымызға Қадырхан аға "анам соғыс жайлы әңгіме қозғамайтын. Бейбіт өмірдің қадірін біліңдер дегенді жиі айтушы еді",–деп, әңгімені ілгері оздырмады...

Махановтар ризық-несібесін мұнай өндірісінен айырған, адал еңбекпен көгерген шаңырақ иелері. Бүгінде 2 қыз, бір ұл тәрбиелеп отырған жанұяның жылуын келтіріп отырған жұбайы Майра Аделова да мұнай саласында. Мамандығы - геолог. Қос маманның қолынан келер іс көп. Бірі қара алтын іздеп, жеті қат жердің тынысын таныса, бірі қазынаның молаюына темірден түйін түйіп лайықты үлесін қосуда.

Еңбек жолында қарапайым еңбегімен тапқан құрметі, құрметке бөлеп келе жатқан абырой-беделі бар Қадырхан ағаға биылғы жылды аман-есен тәмамдаса құрметті еңбек демалысының да төбесі көрініп тұр. Емен-жарқын әңгімесімен, әсем әзілімен, ең бастысы – еңбекті сүю қасиетіне тәнті еткен Қадырхан Таңатұлының ертеңгі күнге артқан талап-ниетінің орындалуына, барша мұратқа жетуіне тілекші қарындас тілекпен шағын жазбамның нүктесін қойдым...

# СУ САПАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

**Өндірістік жұмыстарды ғылыми зерттеу бөлімінің бактериологиялық зертханасына бас сұққанымызда жайдары жүзбен қарсы алған Сәрсенбай Жұмабайұлы Сүйіндіковтің тәртіп пен талапқа аса мән беретіндігі бірден байқалды. "Әп" дегеннен үстімізге ақ халат пен аяғымызға медициналық байпақ кигізіп, зертхана тіршілігімен таныстырып әкетті. Жаханның көз ілеспес жаңалықтарына жаны құштар біз секілді журналистерге зертхана іші алғашында адам зерігетіндей көрінгенімен, тәжірибемен ысылған мықты маманның әр сөзі зейінімізді аударды. Аңдай келе, мүдіретін маман, сүрінетін сапа көрмедік. Зертханашы қыздардың әр қылығын қатаң бақылауында ұстайтын Сәрсенбай Сүйіндіков дәрігер-бактериолог. Бүгінде цех меңгерушісі қызметінде.**



**Жер шарының 70 пайызы судан тұрса, оның 3 пайызы ғана тұщы су. Ғылым мен техниканың тілін тапқан адамзат баласы суды арнайы сүзгіден өткізіп, тазартып ішуге мәжбүр. Суды тазарту жүйесі 1804 жылы Шотландияда пайда болған. Құмнан жасалған құрылғы арқылы зиянды қалдықтардан сүзген. Еліміздің көп бөлігінде тазартылған су пайдаланылады. Зертхана мамандарының айтуынша, судың сапасын анықтау өте күрделі жұмыс. Суды ауыз суға жеткізу үшін химиялық өңдеуден өткізеді. Бір жұтым су ішсең де оны тексеру керек екені әр адам білуі тиіс қағида.**

– Осы мамандықты таңдауыма анам түрткі болды. Ол кісі жылдар бойы теміржол саласында санитарка болып еңбек етті, –дейді Сәрсенбай аға.

Ел тірлігінің, нәпақасының, шаруасының қазығы – мұнай. Кенорнындағы мұнайшылардың бүгінде таза, мөлдір ауыз сумен қамтамасыз етілуі – зертханадағы мамандардың маңдай тері, қажырлы қайратында жатыр.

2009 жылы өндірістік жұмыстарды ғылыми зерттеу бөлімінің бактериологиялық зертханасы деген атпен құрылған құрылым бүгінде іргелі ұжым. Мұнайшылардың ауыз суы, қара алтынның құрамын қадағалайды. Арнайы зертханалық бөлімшелері күндіз-түні Қаламқастағы қырғын мұнайшының өміріне жауапты міндетті мүлтіксіз атқарып келеді. Әсіресе, тіршілік көзі - судың сапасына аса сақ.

- Қаламқастық мұнайшылар тұтынатын Еділ суының сынамаларын сараптамадан өткіземіз. Химиялық, бактериологиялық талдау жасаймыз. Еділ суы ашық су көзі болғандықтан ластануы мүмкін. Лас су ішкі ағзаны алдырады. Сондықтан да аса мұқият қарап, барлығын бақылауымызда ұстаймыз. Егер суда адам денсаулығына концентрация деңгейі ықтимал қауіп төндіретін микроорганизмдер табылса, арнайы орындардың қадағалауына береміз. Әр тоқсан сайын облыстық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасына есеп береміз. Мұнайшылар өмірі – басты назарда, – деген дәрігер ағаны жақын тарта түстік.

- Салғырттық пен салақтық болған жерде сапа болмайды. Темірдей тәртіп нәтиже береді. Әрбір істің артында адамның қауіпсіздігі тұрғандықтан жауапкершілігі төмен маманға бұл жерде орын жоқ, –дейді аға зертханашы.

Төл перзент төл міндетіне қашанда адал. Түркменстандағы мемлекеттік медицина институтын үздік бітірген Сәрсенбай Сүйіндіков талай жыл әскери бөлімшеде, кейін облыстық денсаулық сақтау басқармасында ұзақ жыл еңбек етті. 1999 жылы мықты маманның мұнайшыларға ауадай қажет екенін ескерген облыстағы санитарлық-эпидемиологиялық басқарма Сарсенбай Жұмабайұлын Қаламқаста құрылған шағын цехқа жолдамамен жіберген болатын. Міне, содан бері жиырма жыл уақыт өтіпті.

- Зертханадағы өткен әрбір күнім өзінше бір тарих. Аса шыдамдылық пен білім-білікті қажет ететін қызмет түріне жастар талап қойып, ниеттенсе екен деймін. Не дегенмен де елдің болашағы - жастар ғой, –деп әңгімесін түйіндеген Сәрсенбай Сүйіндіковтің есімі Қаламқастағы биологиялық зертхананың тарихында өзгеше орын алатына бек сенеміз.



Зульфия Даукеева 1970 жылы Жетібайда туған. Әкесі Сәуір Төлесінұлы "ОСК" мекемесінде ұзақ жыл дәнекерлеуші, анасы Сания Қасымқызы ауылдағы №5 балабақша меңгерушісі болып еңбек етті. Өзі 1989 жылы Жаңаөзендегі медицина училищесін тәмамдаған соң балалар емханасында, кейін жұқпалы аурулар ауруханасында бас мейірбике қызметтерін атқарды. 2011 жылы кәсіби тәжірибесін өндірісте сынауға бет құрған ол "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ өндірістік жұмыстарды ғылыми зерттеу бөлімінің маманы болып еңбекке араласты.

-Сүзгіден өтпеген судың сапасына ешкім кепілдік бере алмайды. Егер зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, су бактериологиялық тұрғыдан жарамсыз болса, судың сапасын қадағалайтын арнайы орындардың қадағалауына береміз, –дейді Зульфия апа.

Бүгінде 4 баласынан тараған ұрпақтың ортасында немерелерін қызықтап отырған Зульфия апа өз мамандығын мақтан тұтады.

-Адам денесінің 80 пайызын су құрайтын болғандықтан, түрлі аурулардың 60 пайызы сапасыз судан болады. Бұл салада азды-көп тәжірибем бар. Әлі де үйренетін дүниелер жетерлік. Цех меңгерушісі білікті дәрігер-бактериолог Сарсенбай Жұмабайұлының бұл салаға бет бұрған мамандарға берер ақыл-кеңестері қашанда құнды.

Зертханадағы жауапты міндетті адал атқарып келе жатқан 2 лаборант, 2 инженер, дәрігер-бактериолог әріптестерімен екі ауысыммен жұмыс жасайтын Зульфия Төлесінқызы ынтымақ-бірлігіне жарасқан ұжымына, сүйікті кәсібіне дән риза.

**ЖАННАТ КЕМАЛ**

*Плечом к плечу*

# ВСЕГДА НА СВЯЗИ!

**Создание и развитие новых информационных и телекоммуникационных технологий, формирование глобальной компьютерной сети, предоставление различных информационных услуг непосредственно влияет на развитие различных отраслей экономики, в том числе и нефтегазодобывающей отрасли. Вот уже много лет бесперебойную связь и услуги в области телекоммуникаций для нефтяных компаний предоставляет ТОО «Мунайтелеком».**







История становления предприятия берет свое начало с 1966 года, когда на полуострове появилась «Контора связи» при объединении Казахстаннефть. Свое нынешнее название – ТОО «Мунайтелеком» - организация получила в 1998 году. На сегодняшний день ТОО «Мунайтелеком» является одним из ведущих предприятий в области связи и телекоммуникаций, производственные цеха, которого оснащены современными программными и аппаратными средствами, с высокими качественными показателями предоставляемых услуг.

Одним из тех, кто ковал победы вместе с ТОО «Мунайтелеком», прошел, все трудности и испытания является начальник участка связи Аскар Калимов, который работает на предприятии вот уже 26 лет.

- Я и мои коллеги обеспечиваем месторождение Каламкас услугами связи, осуществляем наладку и техническое обслуживание систем телемеханики, а также выполняем многие другие работы, - говорит Аскар Калимов. – Понятно, что сейчас широко внедряются и применяются новые цифровые технологии, и поэтому мы тоже внимательно изучаем этот сегмент рынка и используем новшества в своей работе. В частности, в настоящий момент в четырех цехах месторождения Каламкас установлены спутниковые системы, позволяющие оператору в онлайн режиме наблюдать за нормативами и параметрами добываемой нефти. Коллектив у нас небольшой: на каждой вахте работают по семь-восемь человек – электромеханики, электромонтеры, кабельщики, специалисты радиосвязи - все они большие мастера и профессионалы своего дела.

Сегодня ТОО «Мунайтелеком» объединяет нефтяные промыслы полуострова Мангистау, населенные пункты: поселок Старый Жетыбай, Мунайши, Кызыл-Тобе, Ынтымак, полуостров Бузачи и город Актау в единое информационное пространство и непосредственно способствует освоению нефтяных богатств нашей земли.



*Мамандық – еңбек көзі*

# ГЕОЛОГ - ЕРЕКШЕ КӘСІП ИЕСІ



«Oil Services Company» серіктестігі геологтарының да Қазақстанның, Серіктестіктің экономикасын арттыруға қосып жүрген үлестері зор. Сәуір айындағы геологтар Күніне орай компания геологтары кәсіби мерекелерін атап өтті. Мерекеге арналған жиынға компанияның зейнеткер-геологтары, сондай-ақ еншілес «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Технотрейдинг» мекемелерінің геологтары және Серіктестіктің кенорындарда қызмет етіп жүрген үздік геологтары шақырту алды.

Осындай мерекелік шараны атап өтуді ұйымдастырға белсене атсалысқан геология бөлімінің бастығы Ыбырай Хусаинов пен пен бөлім мамандары Исатай Аманқұлов, Сара Бисенқұлова, Алмагүл Жанзақова өз ісінің үздіктері. Мерекелік кешке көп жылдар бойы еңбек етіп, қазіргі таңда зейнеткерлікке шыққан геологтар Аманжол Фазылұлы Басбаев, Асқар Мұңалұлы Тыншимов, Мансия Ғалымжанқызы Төремұратова және Тамара Мартиросьянц қатысып, өздерінің қиындығы мен қызығы бірге өткен еңбек жолдарын еске түсіріп, әңгі-мелеп, жас буынға өз баталарын берді.

Еншілес мекемелерден шақырылған қонақтарымыз - «Жетібаймұнайгаз» ӨБ геология бөлімінің бастығы Иланбек Калынбаев, «ММГ» АҚ геологтары Гүлшат Исмаилова, Хожахмед Исмаилов, Өміржан Әуесханов, Жаннат Ажикова және «Технотрейдинг» мекемесінің бас геофизигі Данияр Ахметқалиев мекеменің өсіп өркендеуіне жүрек жарды тілектерін жеткізді.

Мекеме басшылары келген қонақтарға алғыстарын айтып, сыйлықтар және мекеме геологтарына марапаттар тапсырды. Мереке соңы ән мен биге ұласып, бір бірін көптен көрмеген зейнеткерлер шүйіркелесіп, қимастықпен тарасты. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» - дегендей осындай мерекелерде зейнеткерлерімізді құрметтеп, көңілдерін көтерудің өзі ғанибет емес пе?! Ал ерекше кәсіп иелері - қажырлы еңбекті, терең теориялық білімді және өз ісіне шексіз берілгендікті бойларына біріктірген геологтар қай кезде де құрметті мамандық болып қала бермек.

***Аққүміс Алдабергенова***
***«Oil Services Company» ЖШС***
***ӘСБ маманы***

*Еңбек ерлікке жеткізер*

# ҮЗДІК ҰЖЫМ



Елбасымыз айтып өткендей, мұнайлы Маңғыстаудың мұраты биік, арманы асқақ. Мемлекет басшысының «Ұлт жоспары - қазақстандықтарды арманға бастайтын жол» атты мақаласында айтылған жоспарлардың толықтай орындалатына өңір халқының сенімі мол.

Мұнай-газ саласындағы мекемелердің арасында «Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өзіндік алар орны ерекше.

Қаламқас кен орнында орналасқан «Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты «Қаламқас - Сервис» өндірістік басқармасының № 2 ұңғыларды жер асты жөндеу цехының №9 бөлімшесі жыл қорытындысы бойынша ең нәтижелі және көрсеткіші жоғары ұжым болды. Мекеменің негізгі жұмыс саласы - ұңғыларды бұрғылау, жер асты жөндеу және күрделі жөндеу болғандықтан, Қаламқас және Жетібай кен орындарында күнделікті жұмыс күн-түн демей өз қарқынымен жүріп жатады. Бүгінгі таңда осы аталған ұжым қызметкерлері өздеріне берілген барлық міндеттерді абыроймен атқарып келеді. Жылдың қай мезгілі болмасын күннің ыстығы мен суығына, қар мен жаңбырына, тұман мен топырағына қарамастан еңбек етіп жүрген мұнайшылардың еңбегін мақтан тұтуға болады.

Бұл ұжымда аға буынмен қатар, үлгілі ұстаздардан тәлім алған жас мамандар да бар. Атап айтсақ, бөлім шебері Мырзағали Наурызбаев, көтергіш көліктер машинистері Айтжан Юлжанов пен Қажмұхан Авезов, ұңғыларды жер асты жөндеу аға операторлары Жексенбай Ачибаев пен Қанат Қуан, көмекші операторлар Серік Наурызбаев, Нұрлан Сырлыбаев, Нұрлан Айдиев және Бекболат Аққенжеевтердің еңбегін мақтан етуге болады.

Осындай қиын қыстау уақытта ауызбіршілікте бірігіп жұмыс жасап келе жатырған жұмысшылардың еңбектерінің арқасында Серіктестіктің жұмысы әлі де алға қарай дами беретінін сеніммен айта аламыз. Бұл жетістіктер әрбір цех қызметкерінің күш жігері мен қажырлы еңбектерінің нәтижесі деп білеміз. Аянбай еңбек етіп жүрген осы ұжым қызметкерлеріне зор денсаулық, қажымас қайрат тілей отырып, Тәуелсіз еліміздің көк байрағының көкке самғауына тілеулес болайық дегім келеді.

***Аққүміс Алдабергенова***
***«Oil Services Company» ЖШС***
***ӘСБ маманы***

*Религия*

**Сәуір айының 11 және 17 жұлдыздары күні Қаламқас кенорнында елімізде ресми бекітілген Ханафи мазһабының негізін түсіндіруге, сондай ақ эскремисттік-террористтік бағыттағы жат діни ағымдардың алдын алуға арналған танымдық кездесу өтті. Шараға өндірістік басқармаға қарасты № 1, 2, 3 және 4 мұнай мен газ өндіру кешені қызметкерлері мен қабат қысымын ұстап тұру цехы, газ дайындау және тасымалдау цехы мен технологиялық сұйықтық дайындау цехының мамандары қатысты.**

# ДІНГЕ - ЗОРЛЫҚ ЖАТ




Дәстүрге айналған кездесуді әдеттегідей Маңғыстау облысы дін істері басқармасының теолог мамандары жүргізіп, жиналған көпшілікті елімізде дін төңірегінде жүріп жатырған үрдістер мен жат діни ағымдарға қарсы алынып жатырған амалдар мен шараларға тоқталды.

Мәселен, биыл Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Құжаттың негізгі мақсаты – діни экстремизмнің зорлық-зомбылық көріністері мен терроризм қауіптерінен адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып отыр. Бұл құжат Қазақстан аумағында 2013-2017 жылдары қолданыста болған экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның жалғасы болып табылады.

Осы жылдар ішінде ел аумағында ауқымды алдын алу жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде соңғы төрт жылда террористік белсенді аймақтарға 440 қазақстандық-рекруттың баруына тосқауыл қойылды; халықаралық террористік ұйымдардың лагерьлерінен Қазақстанның 125 азаматы қайтарылды, олардың 57-сі террористік әрекетке қатысқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды; интернетте және әлеуметтік желілерде терроризм мен экстремизмді насихаттайтын 620 мыңнан астам материал бұғатталды; 30 террористік акцияның дайындалу кезеңінде жолы кесіліп, жүзеге асырылмады (2014 жылы – 3, 2015 жылы – 4, 2016 жылы – 12, 2017 жылы – 11).

Дәстүрлі дін өз жамағатын зорлық-зомбылыққа, терроризм мен экстремизмге шақырмайды. Керісінше адам өмірі мен бас бостандығын оның басты байлығы деп, Алла берген аманатқа қиянат жасауға үзілді-кесілді тыйым салады. Ол туралы қасиетті кітапта келтірілген сүрелер жетіп артылады. Сондықтан бүгінгі күні әлемдік аренада «ислам терроризмі» деген атаумен танылып жүрген экстремисттік діни ағымдар бізден емес. Өйткені біздің дінде зорлық жоқ!

Келелі кездесу сұрақ-жауаппен, пікір алмасумен аяқталды. Көпшіліктің көкейінен шығып жүрген шара алдағы уақтта да жаңа мазмұнмен, жаңа тақырыптармен жалғасын таба бермек.

*Брейн-ринг*

# АЛПЫС СҰРАҚҚА - АЛЫМДЫ ЖАУАП

**Ғасырлар бойы өзінің діни жораларын салт-дәстүрімен, әдет- ғұрпымен ұштастырып келген ата-бабаларымыз ұстанған дәстүрлі дін – руханияттың мәйегі. Бүгінгі жаһандану үрдісі жайлаған қоғамда осы дін мәселесі аса өзекті болып тұр. Бұл жайтты ескерген «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы «Брейн-ринг» зияткерлік ойынын бұл жолы асыл дінімізге арнады. «Ислам – бейбітшілік діні» деп аталған сайысқа «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының орталық аппараты, «Жетібаймұнайгаз», «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармаларының қызметкерлерінен құралған командалар қатысты.**



Бұл байқау 3 кезеңнен құралып, әрқайсысы 20 сұрақты қамтыды. Мәселен, алғашқы кезеңде қатысушылар діннің тарихына қатысты сұрақтарға, екінші кезеңде тақырыпқа сай логикалық сауалдарға жауап берді. Алғашқы кезеңдерде діни сауаттылығын дәлелдеген қатысушылар үшінші сынақтан да сүрінбей өтті. Сайыс кезінде облыстық дін істері басқармасының теологі Жәрдембек Еженхан кейбір сауалдары толықтырып, қатысушылар мен көрермендерге мол мағлұмат беріп отырды. Кезеңдердің арасында залдағы көрермендерге де сұрақ қойылып, жауап бергендерге зәмзәм суы мен діни сауаттылықты арттыратын кітаптар тарту етілді.

– «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясында түрлі бағытта өткізілетін «Брейн-ринг» сайысын осы жолы өзекті тақырыпқа арнауды жөн деп таптық. Басты мақсатымыз – ислам дінін дәріптеп, толыққанды ақпарат беру, жат ағымның жетегінде кетпей, дәстүрлі дінді берік ұстану, – деді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұртшылықпен байланыс жөніндегі департамент директоры Майра Ғұмарова.

Мұнайшыларды имандылық иірімдеріне ұйытып, діни танымды жетілдіру, сауаттылығын арттыру мақсатында өткен сайыс нәтижесінде 1-орынды «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының қызметкерлері жеңіп алды. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының тобы 2-орынды иеленсе, 3- орын «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының орталық аппаратынан құралған команда алды. «Үздік ойыншы» аталымы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасынан келген қатысушы Абдислам Наурызбаевқа берілді. Жүлдегерлерге кубок және сыйлықтар табысталды.




–Бүгінгі сайыс бұрынғыдан өзгерек болды. Дәстүрлі дін – діңгегіміз. Сондықтан бұл сайыстың орны ерек деп білемін. Сұрақтардың ішінде қиыны да, оңайы да болды. Жарысқа 2 аптадай уақыт дайындалдық. Қаламқас кенорнында 10 жылдан бері жұмыс жасаймын. Алғашқы жылдарда оператор болып еңбек етсем, қазір машинстпін. Әріптестерімді жеңісімен құттықтаймын!, – Абдислам Наурызбаев.




# ФУТБОЛЬНЫЙ БУМ 2018



| Группа A | Группа B | Группа C | Группа D | Группа E | Группа F | Группа G | Группа H |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Египет | Иран | Австралия | Аргентина | Бразилия | Германия | Бельгия | Колумбия |
| Россия | Марокко | Дания | Хорватия | Коста-Рика | Юж. Корея | Англия | Япония |
| Сауд. Аравия | Португалия | Франция | Исландия | Швейцария | Мексика | Панама | Польша |
| Уругвай | Испания | Перу | Нигерия | Сербия | Швеция | Тунис | Сенегал |

FIFA WORLD CUP RUSSIA 2018

**Уважаемые читатели, накануне старта Чемпионата Мира по футболу газета «Мұнайлы Өлке» совместно с Профкомом объявляет о проведении розыгрыша «ФУТБОЛЬНЫЙ БУМ». Условия конкурса просты – нужно угадать всех призеров Чемпионата Мира - 2018 (команды, занявшие первое, второе и третье места). Победителей конкурса ждут призы! ОДИН УЧАСТНИК КОНКУРСА МОЖЕТ ПОДАТЬ НЕ БОЛЕЕ 5 КУПОНОВ!**

| | |
|---|---|
| 1 МЕСТО | |
| 2 МЕСТО | |
| 3 МЕСТО | |

Ф.И.О. ____________________

Должность: ____________________

Телефон: ____________________

**ПОСЛЕДНИЙ СРОК ПОДАЧИ КУПОНОВ ПО 14 ИЮНЯ (ВКЛЮЧИТЕЛЬНО).**

*Вырежите купон и принесите (пришлите) в редакцию «Мұнайлы Өлке» по адресу: 2 мкр. Б/Ц "Орда", 715, 706 кабинет или сдайте купон спортинструкторам на месторождениях Каламкас и Жетыбай Телефоны для справок: 212-424, 212-423, 212-426.*

**Внимание!!! Принимаются только оригинальные купоны, вырезанные с газеты**





Мұнайлы Өлке

Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемал, Е.Қонақбаева

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-424, 212-452 212-462, 212-492

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265

"ATIS" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500